

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
Директорлар кеңесінің 2006 жылғы 30 қазандағы (№32
хаттама) шешімімен бекітілді (01.10.2017ж. берілген
өзгерістер мен толықтыруларымен)

ҚОСЫЛУ ШАРТЫ

Алматы қаласы

Осы Шартпен (одан әрі қарай – Шарт) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым, - «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы (одан әрі қарай – Қор) «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (одар әрі қарай – Заң) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде банктер қатысуының стандартты шарттарын айқындайды.

Банктің Шартқа қосылуы банкпен Қорға Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген нысанда құралған арыз ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктер тізіліміне ақпаратты енгізген күннен бастап, оның Шартқа қосылғаннан кейін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып саналады.

Шартқа қосылған банк (одан әрі қарай – Қатысушы банк) және Қор өзара Шартпен бекітілген барлық шарттар мен міндеттемелерді қабылдайды.

1. Шарт пәні

1.1. Шарт депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінде Қатысушы банктің қатысу сұрақтары бойынша Қатысушы банк пен Қор арақатынасын реттейді.

1.2. тармаққа 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (№3 хаттама)

1.2. Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру сұрақтарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қор нормативтік актілерінің талаптарын, соның ішінде жарналардың төлеу тәртібін анықтайтын, сонымен қатар жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтер базасын тиісті қалыптастыру мен жүргізу бойынша талаптары және Қорға олар бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібін сақтауға міндеттенеді, ал Қор Қатысушы банк жарналарының жинақтаушы сипатына ие болуын, оларды кепілдік берілген өтемді төлеу үшін қолдануға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жағдайларда қолданылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Қатысушы банк жарналарының түрлері және оларды төлеу тәртібі

2.1. Қатысушы банк Қорға мынадай жарналар төлейді:

- 1) міндетті күнтізбелік жарналар – Қатысушы банктің тоқсан сайынғы төлемдері;
- 2) қосымша жарналар – кепілдік берілген өтемді төлеу үшін Қордың арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда Қатысушы банк төлейтін бір жолғы төлемдер;
- 3) төтенше жарналар - Қатысушы банктің Қор алған қарыз сомасын және ол бойынша есептелген сыйақыны толық өтеуге арналған төлемдері.

2.2. Қатысушы банк жарналарының мөлшері мен оларды төлеу тәртібі «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2006 жылғы 30 қазандағы №32 хаттама) бекітілген Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау Ережелерімен (одан әрі қарай – Ережелер) анықталады.

2.3. Қатысушы банктің міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшері есеп берілген тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнгі жағдайы бойынша Қатысушы банктің кепілдік берілген депозиттері сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс.

2.4. Қатысушы банктің қосымша жарнасының мөлшері аталған Қатысушы банкпен Қорға өткен тоқсан үшін төлейтін міндетті күнтізбелік жарнасының екі еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

2.5. Қатысушы банктің төтенше жарнасының жылдық мөлшері аталған Қатысушы банкпен Қорға тоқсан сайын төлейтін міндетті күнтізбелік жарнасының жылдық мөлшерінен аспауға тиіс.

2.6. Қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізуге берілген лицензиясынан айырған күннен бастап, Қатысушы банктің жарналарды төлеу жөніндегі міндеттемесі соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

2.7. Қосымша және /немесе төтенше жарналарды төлеу міндетті күнтізбелік жарналарды төлеу бойынша Қатысушы банктің міндеттемелерін тоқтатпайды.

2.8. тармақ 2014 жылғы 27 қарашадағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№5 хаттама), заң күшіне 2013 жылғы 1 желтоқсанның бастап енді.

2.8. Шартқа сәйкес Қатысушы банкпен төленетін жарналар қайтарылмайды.

2.9. Жарна сомасын есептеу Қатысушы банкпен жеке-дара есеп берілген тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнгі жағдайы бойынша Қатысушы банктің кепілдік берілген барлық депозиттерінің жалпы сомасына жарна мөлшерлемесін көбейту арқылы жүргізіледі.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. тармаққа 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер (тармақшалардың нөмірлерінің өзгеруі) енгізілді (№3 хаттама)

3.1. Қатысушы банк міндеттенеді:

1) депозиттерге міндетті кепілдік беру сұрақтарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қор нормативтік актілерінің талаптарын, соның ішінде жарналардың төлеу тәртібін анықтайтын, сонымен қатар жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мәліметтер базасын тиісті қалыптастыру мен жүргізу бойынша талаптары және Қорға олар бойынша мәліметтерді ұсыну тәртібін сақтауға;

1-1) Қорға міндетті күнтізбелік жарналарды Ережелердің талаптарына сәйкес анықталатын мөлшерлеме бойынша есеп берілген тоқсаннан кейінгі айдың 15 күніне дейін мерзімде төлеуге;

2) Қор Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген мөлшер мен мерзімдерде қосымша және төтенше жарналарды төлеуге;

3) Шартқа 1 Қосымшаға сәйкес тартылған депозиттер бойынша, сондай-ақ Ережелермен бекітілген мерзімдер мен тәсілдерде сапалық индикаторларды есептеу үшін мәліметтерді Қорға ұсынуға;

3.1. тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 3-1) тармақшасымен толықтырылды (№2 хаттама), заң күшіне 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап енеді.

3-1) Шарттың 1-1 Қосымшасына сәйкес депозиттер шарттары бойынша мәліметтерді электронды байланыс каналдары арқылы (ФАСТИ) есептік тоқсаннан кейінгі айдың бесінші жұмыс күніне дейін Қорға ұсынуға;

4) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама), заң күшіне 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап енеді.

4) Қатысушы банк бұрын ұсынған депозиттер шарты жайлы мәліметтерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда ондай мәліметтерді жаңартып, электронды байланыс каналдары арқылы (ФАСТИ) электронды хатта өзгерістер енгізудің негіздемелерін көрсетіп, өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енгеннен кейін үш жұмыс күннің ішінде Қорға ұсынуға;

3.1. тармақтың 5) тармақшасына 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 5) тармақша 2014 жылғы 27 қарашадағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№5 хаттама), заң күшіне 2014 жылғы 1 желтоқсанның бастап енді.

5) жылдық қаржылық есеп аудитінің нәтижелері бойынша аудиторлық есепті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктермен оған ұсыну үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімдерде қағаз бетінде Қорға ұсынуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа, коммерциялық және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын Қор туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жарияламауға;

7) Қордың сұрауы бойынша банк және заңмен қорғалатын басқа да құпияны құрайтын ақпаратқа жатпайтын тартылған депозиттер бойынша өзге де мәліметтерді ұсынуға;

8) Қатысушы банк клиенттерінің назарына қолайлы жерлерде (операциондық залдар және т.б.) Қордың байланыс телефондары мен мекен-жайының көрсетілуімен Қор туралы ақпаратты орналастыруға;

9) Шартқа 2 Қосымшамен бекітілген талаптар мен нысанға сәйкес Қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату жағдайында Қормен өтелетін кепілдік берілген депозиттері мен сомалары бойынша өз міндеттемелерінің автоматтандырылған есебін (одан әрі қарай – депозиттердің автоматтандырылған есебін жүргізу) жүргізуге;

10) Қатысушы банктің депозиттік саясаты бойынша мәліметтерді Қордың жазбаша сұрауы бойынша ұсынуға;

11) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

11) Тікелей немесе жанама түрде (жарнамалық материалдар және/немесе қаржылық есеп арқылы) үшінші тұлғаларға Қормен Қатысушы банк жатқызылған жіктелген тобы, оның міндетті күнтізбелік (қосымша, төтенше) жарналардың мөлшерлемелері туралы, сонымен қатар коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын Қор туралы құпияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше көзделмесе, ақпаратты жарияламауға;

12) Шартпен көрсетілген жағдайларда айыппұл сомасын төлеуге;

3.1. тармақ 2009 жылғы 22 қаңтардағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 12-1) тармақшасымен толықтырылды (№1 хаттама), 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 2013 жылғы 18 шілдедегі Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (№4 хаттама)

12-1) Шартпен көрсетілген талаптарға сай кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу мәліметтерінің автоматтандырылған дерекқорының сәйкестігін орнату Ережелерімен (бұдан әрі – Сәйкестікті орнату Ережелері) көрсетілген шараларды Қормен жүзеге асыру кезінде депозиттердің автоматтандырылған есебін жүргізуге қойылатын Талаптарға қатал сәйкес (осы Шартқа 2 Қосымша) кепілдік берілген өтем бойынша мәліметтерді қалыптастыруға, сондай-ақ Қормен аталмыш шараларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен депозиттерге міндетті кепілдік беру мәселелерін реттейтін Қордың нормативтік актілерімен көрсетілген талаптарды орындауға;

3.1. тармақ 2010 жылғы 4 наурыздағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 12-2) тармақшасымен толықтырылды (№2 хаттама), 2013 жылғы 18 шілдедегі Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (№4 хаттама)

12-2) Қатысушы банк Сәйкестікті орнату Ережелеріне сәйкес Қормен құрастырылған қорытынды есебін алған күннен бастап, оған 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға. Қорытынды есепте айқындалған бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, қорытынды есепке қол қойып, өзіндік жазбаша келіспеушіліктерін келтіруге;

3.1. тармақ 2013 жылғы 18 шілдедегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 12-3) тармақшасымен толықтырылды (№4 хаттама), 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (№2 хаттама)

12-3) Сәйкестікті орнату Ережелеріне сәйкес Қормен құрастырылған хаттамамен бекітілген 2 ай мерзімі ішінде айқындалған бұзушылықтарды Қатысушы банктің жоюы мүмкін емес болған жағдайда, Қорға хаттаманы алған күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қатысушы банктің Басқарма төрағасы не оның міндетін уақытша атқарушы тұлға қол қойған айқындалған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын, бұзушылықтарды жою

мерзімдерінің көрсетілуімен ұсынады. Керек болған жағдайда іс-шаралар жоспарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

3.1. тармақ 2012 жылғы 6 қарашадағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 13) тармақшасымен толықтырылды (№7 хаттама)

13) агент банкті таңдау бойынша конкурстың жеңімпазы болып жариялаған жағдайда, Қормен агенттік келісім жасасуға, сондай-ақ Қатысушы банкті мәжбүрлеп таратылған жағдайында кепілдік берілген өтемді төлеу мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы және нормативтік актілерін сақтауға.

3.2. Қор міндеттенеді:

1) Қатысушы банктің жіктелген тобы мен міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесін анықтауға және Ережелермен бекітілген тәртіп пен мерзімдерде назар үшін хабарлауға;

2) Ережелермен анықталған мерзімдерде Қор Директорлар Кеңесінің қосымша және төтенше жарналарын төлеу мөлшерлемелері мен мерзімдері туралы шешімдерін Қатысушы банкке назар үшін хабарлауға;

3) Қатысушы банкті міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың артық төленген сомалардың болуы туралы осындай сомаларды айқындау күнінен бастап, бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

4) тармақша 2014 жылғы 27 қарашадағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№5 хаттама), заң күшіне 2013 жылғы 1 желтоқсаннан бастап енді.

4) Қатысушы банк міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды артығымен төлеген жағдайда ондай сомаларды Қатысушы банктің кейінгі міндетті күнтізбелік жарналар есебіне есепке алуға;

5) Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар сомасын төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда Қатысушы банкке оларды төлеу қажеттілігі жайында жазбаша хабарлауға;

6) Шарттың 4 тарауына сәйкес Қатысушы банкті айыппұл сомасын төлеу қажеттілігі туралы жазбаша хабарландыруға;

7) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама),

7) қызмет атқару барысында мәлім болған Қатысушы банк және оның салымшылары жайлы ақпаратты тек қызметтік мақсатта қодануға, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен өзгеше көзделмесе;

8) Шартқа Қатысушы банкпен қосылғаннан кейін Ережелерді назар үшін хабарлауға;

9) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама),

9) Тікелей немесе жанама түрде үшінші тұлғаларға Қор Қатысушы банкті жатқызған жіктелген тобы және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Шартпен өзгеше көзделмесе, оның міндетті күнтізбелік (қосымша, төтенше) жарналарының мөлшерлемелері туралы ақпаратты жарияламауға;

3.1 тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 10) тармақшамен толықтырылды (№2 хаттама), заң күшіне 2017 жылғы 1 қаңтарынан бастап енеді.

10) Шарттың 3.1. тармағының 3-1) және 4) тармақшаларына сәйкес қатысушы банктер ұсынған мәліметтерді депозиттер жайлы база қорына және қабылданғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қордың ақпараттық порталына енгізуге.

3.3. Қатысушы банк құқылы:

1) Қордан Қатысушы банк жатқызған жіктелген тобы мен міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесі туралы мәліметтерді алуға;

2) қосымша және төтенше жарналардың бекітілген мөлшерлері мен төлеу мерзімдері туралы мәліметтерді алуға;

3) Қордың Консультативтік Кеңесі құрамында қатысу үшін өз үміткерін ұсынуға;

- 4) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қызмет етумен байланысты сұрақтарды Қордың Консультативтік Кеңесінде талқылау үшін шығаруға;
- 5) Ережелермен бекітілген мерзімдерде Қатысушы банк үшін анықталған жіктеу тобы мен міндетті күнтізбелік жарнаның мөлшерлемесіне шағым келтіруге;
- 6) Агент банкті таңдау бойынша Қормен өткізілетін конкурсқа қатысуға;
- 7) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында таратуға.

3.4. Қор құқылы:

1) тармақшаға 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 1) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

1) Қатысушы банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған мәліметтер негізінде Қатысушы банктің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың төленген сомасын есептеу туралығын анықтауға;

2) міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың сомасы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Қатысушы банкпен мұндай төлем жүргізу қажеттілігі жайында Қордың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап, бес жұмыс күн өтісімен кез келген уақытта Қатысушы банктің кез келген банктік шотынан оларды акцептсіз тәртіпте шегеріп алуға;

3) Шарттың 4 тарауына сәйкес өндіріп алынатын айыппұл сомасын Қатысушы банк төлемеген жағдайда оның мұндай төлем жүргізу қажеттілігі жайында Қордың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап, бес жұмыс күн өтісімен кез келген уақытта Қатысушы банктің кез келген банктік шотынан оларды акцептсіз тәртіпте өндіріп алуға;

5) тармақшаға 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 5) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуге қажет қаржылық және өзге де есептерді, соның ішінде пруденциалды нормативтердің мәндері, қаржылық секторға шолуға қажет көрсеткіштерді, сонымен қатар Қатысушы банктің ең төменгі резервтік талаптарды орындауы жайлы мәліметтерді онымен жасалған ақпарат алмасу келісім шеңберінде алуға;

6) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен алынып тасталды (№2 хаттама).

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда бір реттік сұрау негізінде Қатысушы банктен мәліметтерді сұрауға;

8) тармақшаға 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 8) тармақша 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

8) ақпаратпен алмасу туралы келісімде анықталған тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Қатысушы банк жатқызылған жіктелген топтары мен оның міндетті күнтізбелік (қосымша, төтенше) жарнасының мөлшерлемелері туралы мәліметтерді ұсынуға;

9) тармақшаға Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (2009 жылғы 22 қаңтардағы №1 хаттама, 2009 жылғы 7 сәуірдегі №3 хаттама)

9) Шартпен Қатысушы банкіге жүктелген міндеттемелерді онымен тиісті түрде орындалуын бекітуге бағытталған шараларды жүргізуге, соның ішінде Шарт талаптарына кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу мәліметтерінің автоматтандырылған дерекқорына сәйкестігін орнату бойынша шараларды Қор Директорлар кеңесінің шешімімен (2009 жылғы 12 желтоқсандағы №43 хаттама) бекітілген «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ талаптарына депозиттерді міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің есебін жүргізу сәйкестілігін орнату Ережелеріне сәйкес асыруға.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, кінәлі Тарап Шарт пен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің ережелеріне сәйкес жауап береді.

4.2. Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды уақтылы төлемеген (толық немесе ішінара) жағдайда Қатысушы банк Қорға әрбір кешіктірген күн үшін жарнаның төленбеген (толық төленбеген) сомасынан 0, 1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде өсім төлейді, төленбеген жарнаның сомасы 1000 (бір мың) теңгеден аспаған жағдайды есептемегенде.

4.3. тармағына 2013 жылғы 18 шілдедегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№4 хаттама)

4.3. Қатысушы банкімен Шарттың 3.1. тармағының 3) тармақшасымен қарастырылған мәліметтерді ұсынбау, уақтылы ұсынбау немесе бұрыс ұсынған жағдайда, Қатысушы банк айыппұлды Қорға төлейді:

- жоғарыда көрсетілген ережені бірінші рет бұзған жағдайда, 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде,

- жоғарыда көрсетілген ережені келесі 12 (он екі) күнтізбелік айдың ішінде қайта бұзған жағдайда, 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде,

- жоғарыда көрсетілген ережені келесі кез келген 12 (он екі) күнтізбелік айдың ішінде келесі рет бұзған жағдайда, 100 (бір жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, Қордан тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап, бес жұмыс күнінен кеш емес.

4.3.-1. Шарттың 3.1 тармағының 5), 7) және 10) тармақшаларымен қарастырылған мәліметтерді Қатысушы банкпен ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау жағдайында Қатысушы банк Қордан тиісті жазбаша хабарлама алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде айыппұл төлеу күніне орнатылған 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұлды Қорға төлейді.

4.4. Шарттың әрекет ету мерзімінен тәуелсіз Тараптардың біреуі басқа Тараптың коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын ақпаратты жариялаған жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауап береді.

4.5. Шарттың «Конфиденциалдылық» атты 6 тарауында көрсетілген конфиденциалды мәліметтерді Тараппен үшінші тұлғаларға тарату жағдайында кінәлі Тарап конфиденциалды мәліметтерді тарату туралы орын алған мән-жай туралы екінші Тарапты жазбаша хабарлағаннан кейін бес жұмыс күні ішінде жәбірленген Тарапқа айыппұл төлеу күніне орнатылған 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді.

4 тарау 2009 жылғы 22 қаңтардағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен 4.5-1 тармағымен толықтырылды (№1 хаттама), Қор Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес өзгерістер енгізілді (2010 жылғы 4 наурыздағы №2 хаттама, 2012 жылғы 12 сәуірдегі №3 хаттама).

4.5.1. Шарттың 3.1. тармағының 9), 12-1) тармақшаларымен қарастырылған міндеттемелерді және Шартпен қарастырылған өзге де міндеттемелерді Қатысушы банкпен орындамаған немесе тиісті орындамаған жағдайында, Шартқа 2 Қосымшасының 6 тармағында көрсетілген талапты қоспағанда, Ережелердің 19 тармағына сәйкес айқындалған бұзушылықтар актісі негізінде Қатысушы банк орын алған бұзушылықтар туралы тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен кейін бес жұмыс күнінен кеш емес, Қорға айыппұл төлеу күніне орнатылған 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді.

«Депозиттерді автоматтандырылған есепке алуды жүргізуге қойылатын талаптар» Шартқа 2 Қосымшасының 6 тармағымен бекітілген мерзімді бұзған жағдайда, Қатысушы банк орын алған бұзушылық туралы тиісті хабарлама алған күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде Қорға бекітілген мерзімді әрбір асырған күні үшін айыппұл төлеу күніне орнатылған 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш көлемінде, алайда айыппұл төлеу күніне орнатылған 500 (бес жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын көлемде айыппұл төлейді.

4.6. Өсім (айыппұл, өсімақы) сомасын төлеу Тарапты Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан, сондай-ақ, кінәлі Тараппен жәбірленген Тарапқа келтірілген шығындарды толық көлемде өтеуден босатпайды.

5. Хабарландыру

5.1. Шарт бойынша барлық ақпарат Тараптардың өзара хабарламалармен алмасу күйінде келесі тәсілдермен асырылады:

- пошта және/немесе қолма-қол (тапсыру туралы дәлелдеме болған кезде тапсырылған болып саналады);

- факс;

- телефон (жіберуші телефонограмманы алған тұлғаның аты-жөні мен лауазымын, күні мен уақытын көрсетсе, ал алушы жіберушінің аты-жөні мен лауазымын, күні және уақытын көрсетеді);

- электронды байланыс құралдарының көмегімен.

5.2. 18-00 сағаттан кейін жіберілген хабарламалар келесі жұмыс күні алынды деп есептеледі. Жұма күні немесе мейрам күндері қарсаңында 18-00 сағаттан соң жіберілген хабарламалар демалыс немесе мейрам күндерінен кейін бірінші жұмыс күні алынған болып есептеледі.

6. Конфиденциалдылық

6.1 тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бесінші бөлігімен толықтырылды (№2 хаттама),

6.1. Осы Шартпен Тараптар Қатысушы банктің жіктелген топтары мен оның міндетті күнтізбелік жарнасының (қосымша және төтенше) мөлшерлемелері туралы мәліметтері конфиденциалды болып табылатынын және Тараптармен тікелей немесе қосымша (жарнама және Қатысушы банктің қаржылық есептерді арқылы, қоса алғанда) үшінші тұлғаларға таратуға жатпайтынын таниды, егер де Шарт пен ҚР заңнамасымен өзге де көзделмесе.

Үшінші тұлғаларға конфиденциалды ақпаратты ашу немесе тапсыру ретінде үшінші тұлғаларға, заңды тұлғалар болсын не жеке тұлғалар болсын, Тараппен (оның лауазымды тұлғаларымен, қызметкерлерімен) кез келген қасақана немесе абайсызда конфиденциалды ақпаратты құрайтын мәліметтерді кез келген нысанда, жазбаша, ауызша, жазылған аудио және видеоға түсірілген материалды электронды түрде, ұсынылған құжаттардың түпнұсқаларын немесе олардың көшірмелерін немесе олардың үзінділерімен, жалпыламаны қоса алғанда, танысуды қоса алғанда, танылады.

Жарнама және қаржылық есеп арқылы ақпаратты жариялау ретінде Қатысушы банкпен жарнамалық хабарламаларды (өз қаржылық есебін жариялау) кез келген нысандарда және Қатысушы банктің жіктелген тобы және/немесе оның міндетті күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі немесе мұндай жарнамалық хабарламалар туралы және/немесе Қатысушы банктің қаржылық есебін пайдаланумен қосымша есептесулерді жүргізуден кейін үшінші тұлғаларға қорытынды жасауға мүмкін беретін кез келген бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы тану қажет.

Қатысушы банкпен конфиденциалды мәліметтерді жариялау ретінде Қатысушы банкпен Қорға міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың төленген жалпы сомасын өзінің жарияланатын қаржылық жылдық есебінде көрсеткен жағдайда танылмайды.

Шартқа сәйкес Қатысушы банк Қордың Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне құпия ақпаратты, соның ішінде Қордың Қатысушы банк жатқызылған жіктелген тобы, оның міндетті күнтізбелік (қосымша, төтенше) жарналардың мөлшерлемелері туралы мәліметтерді беруге өз рұқсатын береді. Мұндай ақпарат алмасу тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қор арасындағы келісіммен бекітіледі.

7. Алай-дүлей күш мән-жайларының әрекеті

7.1. Бірде-бір Тарап Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауап бермейді, егер де ол алай-дүлей күш мән-жайларының салдарларынан орын алса: өрт, топан су, жер сілкіну және басқа да апат күштері орын алса, сондай-ақ, соғыс, әскери әрекеттер, Шарт бойынша Тараптардың өз міндеттемелерін орындауды мүмкін емес ететін мемлекеттік билік органдарының актілері мен әрекеттері.

7.2. Егер Шарттың 7.1. тармағында көрсетілген мән-жайлардың кез-келгені Шартта бекітілген міндеттемені уақтылы орындауына тікелей әсер етсе, онда мұндай мерзімдер сәйкес мән-жай әрекет уақытына тиісінше өзгертіледі.

Шарттың 7.1. тармағында көрсетілген мән-жайлар үш айдан астам созылатын болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін кейінгі орындауынан бас тартуға құқылы және Тараптардың ешқайсысы басқа Тараптан қандай да бір шығындарды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

7.3. Алай-дүлей күш мән-жайы орын алу салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін емес болған Тарап екінші Тарапты өз міндеттемелерін орындауға кедергі болатын мән-жайлардың басталуы мен аяқталуы туралы дереу хабардар етуге тиіс.

8. Айрықша ережелер

8.1. Шарт бойынша Қатысушы банктің құқықтары мен міндеттері үшінші тұлғаларға беріле алмайды.

8.2. тармаққа 2012 жылғы 12 сәуірдегі Қор Директорлар кеңесінің шешімімен өзгерістер енгізілді (№3 хаттама), 8.2 тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

8.2. Шартқа сәйкес Қатысушы банк Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қорға Қатысушы банктің қаржылық жағдайы туралы құпия ақпараттар мен мәліметтерді, қаржылық және өзге де есептерді, соның ішінде пруденциалды нормативтердің мәндері, қаржылық секторға шолуға қажет көрсеткіштерді, сонымен қатар Қатысушы банктің ең төменгі резервтік талаптарды орындауы жайлы мәліметтерді беруге өз рұқсатын береді.

8.3. тармаққа Қор Директорлар кеңесінің шешімдерімен өзгерістер енгізілді (2010 жылғы 8 сәуірдегі №3 хаттама, 2011 жылғы 28 сәуірдегі №2 хаттама)

8.3. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар Қордың Консультативтік Кеңесінде талқылағаннан кейін Қордың Директорлар Кеңесімен бекіту арқылы енгізіледі және Қатысушы банктердің назарына оларды бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде жіберіледі. Мұнымен қоса, Қатысушы банкпен Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюы талап етілмейді, және ол Шартқа Директорлар Кеңесінің сәйкес шешімінде көрсетілген күннен бастап, өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, қосылған болып есептеледі.

8.4. Шартқа барлық қосымшалар оның ажырамас бөлігі болып табылады және Шартсыз жарамсыз деп танылады.

8.5. Тараптардың атауы мен реквизиттері өзгерген жағдайда Тараптар бірін –бірі ол туралы ондай өзгерістерді мемлекеттік тіркеуден кейін бес жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды.

9. Өзге ережелер

9.1 тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміндегі мәтінде баяндалды (№2 хаттама).

9.1. Қосылу шарты депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің Қатысушы банктер тізіліміне ақпаратты енгізу сәтінен бастап күшіне енеді және сол сәттен Тараптар үшін міндетті болып табылады және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен Қатысушы банкті шығарған жағдайда тоқтатылады.

9.2. Шарт бойынша туындайтын даулар Тараптармен келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Тараптармен келісімге қол жеткізілмесе, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

9.3 тармақ 2016 жылғы 11 мамырдағы Қор Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес алынып тасталды (№2 хаттама).

9.4. Шарттың орыс және мемлекеттік тілдер мәтіндерінің сәйкес келмеген жағдайда, басымдық Шарттың орыс тіліндегі мәтініне беріледі.

9.5. Қор қайта құрылған жағдайда Шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте оның мирасқорлығына өтеді.

9.6. Шарт ережелерімен реттелмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының заңнама нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Қор:

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры»

050051, Алматы қаласы, Достық д-лы, 136 үй,

«Пионер-3» БО, 8 қабат

БСН: 991 240 000 414

ЖСК KZ59125KZT1001300138 ҚР Ұлттық Банкіде

БСК NBRKKZKX Кбе 15

E-mail: root@kdif.kz ФАСТИ: F5902200

Қор атынан:

Төраға

Б.Б. ҚОҒЫЛОВ